

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 тамыздағы "Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округінде орналасқан "Анет" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03-07 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 12 желтоқсандағы № 1-03-08 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 желтоқсанда № 6171 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Баянауыл ауданының мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бас инспекторының 2018 жылғы 8 қарашадағы № 2-19/251 ұсынысы негізінде, Күркелі ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округінің "Анет" шаруа қожалығының аумағында жылқы сақауы ауруын жою бойынша ветеринариялық-санитарлық іс-шаралар кешенін жүргізумен байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округі әкімінің 2018 жылғы 14 тамыздағы "Баянауыл ауданы Күркелі ауылдық округінде орналасқан "Анет" шаруа қожалығының аумағында шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" № 1-03-07 шешімнің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2018 жылғы 20 тамызда № 6040 болып тіркелген, 2018 жылғы 28 тамызда "Баянтау" аудандық газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

"Баянауыл ауданының

ветеринария бөлімі"

мемлекеттік мекемесі басшысының

міндетін атқарушы

2018 жылғы "12" желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы Министрлігі

Т. К. Сагинтаев

А. С. Ынтықбаев

Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Баянауыл
аудандық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
2018 жылғы "12" желтоқсан
"КЕЛІСІЛДІ"

Р. Д. Нургалиев

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті
Павлодар облысы қоғамдық денсаулық
сақтау департаментінің
Баянауыл аудандық қоғамдық
денсаулық сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
2018 жылғы "12" желтоқсан

А. Е. Карибжанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК